

Дыбысты машықтандыру кезеңі логопедиялық сабақ жоспары

Кезең: Дыбысты сөздерде машықтандыру кезеңі

Мақсаты:

Білімділік: - Ү дыбысын сөздерде машықтандыру, сөз құрамынан дыбысты бөлуге жаттықтыру, сөздегі дыбыстың орнын табу және талдау және жинақтау дағдысын дамыту, сөз қорын молайту.

Түзетушілік: ойлау процесстерін, есте сақтауын дамыту, жұмыс барысында қол және артикуляциялық аппарат мүшелерінің тепе – теңдігін, дауыстың ырғақтылығы мен күшін дамыту.

Тәрбиелік: топпен жұмыс жасауға, өз бетінше жұмыс жасауға үйрету.

Құрал – жабдықтар: тақырыптық суреттер, Ү мен Ү әрпінің баспа және жазба түрлері, жұмбақтар.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Балалар, бізге бүгін сабаққа қонаққа кім келді? (Дымбілмес)

-Неге, Дымбілмес деп айтады? (Өйткені ол түкте білмейді. Ендеше бар білетіндерімізді ортаға саламыз ба?)

Үстел берсең кіргенде,

Үлкен кісі есіктен,

Үлкен екен - демей ме?

Үйренген ғой бесіктен.

Өлеңнің әр жолындағы бірінші сөзге назарымызды аударайық. Үстел, үлкен, үйренген. Дауыстай айта отырып Ү дыбысын дыбыстаймыз. Оқушылар мұғалімнің айтқанын қайталайды.

II. Мақсатын баяндау:

III. Артикуляциялық гимнастика:

Мен әдемі сөйлеймін,

Мен нақты сөйлеймін,

Мен асықпай сөйлеймін. -Көзімізді ашып – жұмамыз (қатты – жай);

-Ернімізді түтікше тәрізді алға созамыз;

-Ұртын үрлеу.

-Ернін созу"у", "о" -Жымияды " и"

-Қасын көтеру "Ой" (таң қалу)

-Дем алу және тыныс шығару: са – со – су - сы. а)

«Күлу», «Ине», «Өткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап»- жоғарғы тісті жалау,

«Тістердітазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы».

Ойлауын, есте сақтауын дамытады. Оқушылар мұғалімнің айтқанын қайталап, орындайды. Артикуляциясын дамытады.

Күші, ұзақтығы, ұзындығы бойынша әр түрлі дыбыстарды айту бөліктерін дамыту.

Жай дауыспен А-а-а О-о-о У-у-у И-и-и

Қатты дауыспен А-а-а-а- а-а О-о-о-о- о-о-о У-у-у-у- у-у-у И-и-и- и-и

Мақсаты: мұрын және ауыз арқылы тыныс алуды ажырату, диафрагмальды тыныс алуды дамыту (өткізу уақыты 5 минут)

Жаттығулар:

-ауызбен дем алу-мұрынмендем шығару (3 рет)

-ауызбен дем алу-ауызбен дем шығару (3 рет)

-мұрынмендем алу-ауызбен дем шығару (3 рет)

-мұрынмендем алу-мұрынмен дем шығару (3 рет)

IV. Дыбыстың артикуляциясын, жеке айтылуын анықтау, сипаттама беру:

V. Дыбысты буындарға, сөздерге, фразаларға, байланыстырып сөйлеуіне енгізу:

1 - тапсырма: Кеспе буындардан сөз құра.

- Құ-мы-ра құл-пы-най

- Үй-рек

- Түл-кі

- Кү-рек

- Ұс-таз

2-тапсырма: Сөздерді дұрыс оқы. Дауыстап оқы, жай оқы, сыбырлап оқы Ұя Ұя Ұя Үй Үй Үй Ұстаз Ұстаз Ұстаз Үтік Үтік Үтік

3-тапсырма. Тіл ширату.

- Тұз-мұздай

Мұз-тұздай.

- Талап-тұлпар,

Білім-сұңқар.

Көп нүктенің орнына тиісті [ұ] мен [ү] дыбыстарын қойып, қарындашпен белгілеңдер.
...стаз, т...лкі, ...й, ...я, ...тік, қ...лпынай.

3- тапсырма: Сөйлем ойлату

- Анарға анасы балмұздақ
әкелді

- Асан күрекпен ауланы қалпына келтірді.

- Ескендір ұстазбен
амандасты

- Мен құлпынай жедім.

VI. Дыбыстық талдау, жинақтауды қалыптастыру бойынша жұмыс:

1-тапсырма: «Кім тез?» ойыны.

Ойын шарты: «Ү» мен «Ұ» дыбыстарынан басталатын сөздер айтамын. Ұ дыбысынан келетін сөзді естісеңдер «Ұ» дыбысының сигналдық белгісін, ал «Ү» дыбысынан келетін сөздерді естісеңдер «Ү» дыбысының сигналдық белгісін көтересіңдер.

Сөздер: үйрек, ұя, ұстаз, үстел.

2-тапсырма. Ойын «Кім жылдам?»

Ойынның шарты: «Ү» мен «Ұ» дыбыстарына қатысты сурет көрсетіледі, сол көрсетілген суреттердің атын атап, буынға бөліп және орнын тауып, белгілейміз

3- тапсырма: Адасқан әріптерден сөз құра.

- ш а ұ қ (Ұшақ)

- т ү і к (үтік)

4- тапсырма. Экранда көрсетілген суреттер бойынша «Ұ» дыбысынан келетін сөздерді «Ұ» бағанына, ал «Ү» дыбысынан келетін сөздерді «Ү» бағанына жазу керек.

Дәптермен жұмыс:

Ү - әрпін ауада жазғызу

Ұ - Ү

Үн, күн, күз, күндыз, құлақ.

Үн, күн, күз, күндіз, күрек.

VII. Үйге тапсырма:

Ұ мен Ү дыбыстары мен әрпін оқу, жазу.

VIII. Сабақ қорытындысы:

Белсенді оқушыларды карточка арқылы бағалау, мадақтау.

Дайындық кезеңіндегі логопедиялық сабақ жоспары

Кезең: Дайындық кезеңі

Мақсаты: Жеке дыбысты дұрыс айтуын үйрету.

Міндеттері:

Білімділік: «Ү» дыбысын үш түрдегі буынға қою, қолдын ұсақ моторикасын дамыту .

Фонематикалық есту қабілетін дамыту

Түзетушілік: қолдың ұсақ моторикасын, ауа ағынын қалыптастыру.

Тәрбиелік: Сауатты, таза жазуға, сабақ барысында зейін қойып тыңдауға, белсенді болуға тәрбиелеу.

Құрал – жабдықтар: Заттық суреттер, карточкалар.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

II. Мақсатын баяндау:

III. Артикуляциялық гимнастика:

Артикуляциялық жаттығуларды орындағанда:

1. Балада дұрыс сөйлеу дағыдысы қалыптасу үшін артикуляциялық жаттығуларды күнде жасау керек.
2. Жаттығуларды күніне 3-4 рет 3-5 минуттан орындаған жөн.
3. Әр жаттығу 5-7 рет орындалуы тиіс.
4. Бір статистикалық жаттығуды 10-15 секунд ұстап тұру ұсынылады (қимыл-қозғалысты өзгертпей ұстап тұру).
5. Артикуляциялық жаттығуларды іріктеу кезінде қарапайым жаттығудан күрделі жаттығуларға өту керек. Балаңыз белігі-бір жаттығуды дұрыс жасай алмай тұрып, одан күрделі жаттығуға өтудің керегі жоқ. Жасай алмай жатқан жаттығуды орындату үшін жаңа ойындар ойлап табуыңыз абзал.
6. Артикуляциялық жаттығуды отырып орындаған абзал, себебі отырғанда баланың арқасы түзу, денесін, аяқ-қолдарын бос ұстайды.
7. **Бала үлкеннің және өзінің бетін айқын көруі тиіс, себебі жасап жатқан жаттығудың сапасын өзі бақылай алуы керек.** Сондықтан жаттығуларды жасап жатқанда үлкен және бала қабырғадағы айна алдында болуы керек. Сонымен қатар, баланың қолында кішкентай айна болуы мүмкін (9х12 см), бірақ ондай жағдайда үлкен балаға қарама-қарсы, бетпе-бет отыруы тиіс.

Артикуляциялық жаттығулар

«Күрекше» – жалпақ тілді шығарып астыңғы ерінге ұстап тұру керек.

«Инеше» -ауызды кең ашып тілді алға қарай жіңішкертіп шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек.

«Төбешік» – аузыңды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау.

«Түтікше» – жалпақ тілді ауыз қуысына шығарып, тілдің бүйір жақтарын көтеріп түтікшеге үрлеу. Жаттығуды жайлап жасау керек.

«Ожау» – ауызды кең ашып, жалпақ тілді көтеріп жоғары тістерге созып, бірақ тигізбей ұстап тұру керек.

«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек.

«Саңырауқұлақ» -ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

«Алтыбақан» – жіңішке тілді ауыздан шығарып біресе мұрынға созып, біресе иекке созу жаттығуды жасағанда ауыз ашық болу керек. Осылай 10-15 рет қайталау керек.

«Тәтті тосап» – жалпақ тілді шығарып жоғары ерінді жалап, тілді ауыз қуысына тереңірек апару. /15 рет қайталау/.

«Тоқылдақ» – ауызды кең ашып тілдің ұшымен жоғарға альвеолоға немесе таңдайға жиі-жиі соғылғандай қимыл жасау керек.

«Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады.

IV. Тыныс алу жаттығулары:

V. Фонетикалық естуін қалыптастыру:

№1 ойын: «Маншүкке үйіне жетуге көмектесейік»

Мақсаты: Фонематикалық естуін және сөз басындағы дыбысқа анализ жасауын қалыптастыру.

Құрал-жабдықтар: Әр түрлі заттық суреттер (Үйрек, үкі, үтік, т.с.с.)

Сипаттамасы: Маншүк діттеген жеріне жетуі үшін бала берілген суреттер ішінен «Ү» дыбысы бар суреттерді атауы қажет.

№ 2 ойын: «Дыбысты дұрыс тап»

Мақсаты: Фонематикалық естуін және сөз басындағы дыбысқа анализ жасауын қалыптастыру.

Құрал-жабдықтар: Заттық суреттер мен шатасқан дыбыстар.

Сипаттамасы: Суретте берілген заттардың алғашқы дыбыстары шатасқан түрде берілген, соны рет ретімен орналастырады.



Ф

А

Д

М

Т

Ү

VI. Логикалық ойлауын дамытуға арналған тапсырма:

№ 1 ойын: «Есіңе сақта»

Мақсаты: Көріп есте сақтауын, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтар: Сюжеттік суреттер .

Сипаттамасы: Балаға сюжеттік суреттер беріледі және балаға суретке байланысты сұрақтар қойылады.

- Суретте қандай жыл мезгілі бейнеленген?
- Дәрігер тұлкіге қандай көмек көрсетіп жатыр?



VII. Үйге тапсырма:

VIII. Сабақ қорытындысы:

Белсенді оқушыларды карточка арқылы бағалау, мадақтау.

Тақырыбы: Ү-Ұ ДЫБЫСТАРЫН АЖЫРАТУ

Кезең: дыбысты ажырату кезеңі

Мақсаты: балалар алмастыратын немесе шатастыратын дыбыстарды ажыратуға үйрету, сөйлеу тілінде дұрыс қолдануға дағдыландыру.

Міндеттері:

Білімділік: дыбыстарды белгілері бойынша ажыратуға, жеке дыбыстарды буындарда, сөздерде, сөйлемдерде ажырата білуін қалыптастыру.

Түзетушілік: Ү дыбысына қатысты жаңа сөздер ойлату, сөйлемдер құрату. Дыбысталуы ұқсас Ұ дыбысымен салыстыру. баланың көріп және естіп қабылдауын, зейін және сөздік қорын дамыту.

Тәрбиелік: баланы тұжырым жасай білуге, байқампаздыққа, педагогты тыңдай білуге тәрбиелеу.

Құрал – жабдықтар: айна, суреттік белгілер.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру

Қол алысып, қәне, біз,

Дос болайық бәріміз.

Айтарым бар сендерге,

Тез тұрындар шеңберге.

Қандай жақсы дос табу,

Қандай жақсы дос болу!

Достарменен бір жүру!

Тақырыпты таныстыру мақсатында жұмбақ жасыру

«Үйрек» десе – бірінші,

«Бүйрек» десе – екінші,

Бұл қайсы әріп екенін,

Біреу айтып берсінші.

Тыңдалым. Ү дыбысына арналған сөздермен таныстыру

II. Мақсатын баяндау:

III. Артикуляциялық гимнастика:

«Дуал» жаттығуы

Жоғарғы және астыңғы тістерді көрсетіп қиналмай жымию

«Жалпақ тіл» жаттығуы

Ауызды кішкене ашып, жымып, жалпақ тілді астыңғы ерінге қою керек. Бірден беске – оңға дейін санап осы қалыпта ұстау керек.

«Сағат» жаттығуы

Тілді ауыз қуысынан шығарып, оңға, солға қимылдату керек.

«Пя – пя - пя» жаттығуы

Ауызды ашып, тілді төменгі ерінге қойып, «пя – пя – пя.....» деп айтқызу. Ауызды ашып тұрып тілді жалпақ күйінде бірден беске – оңға дейін санап, ұстап тұру.

«Тісімізді тазалайық» жаттығуы. Ауызды кішкене ашып, жымып тістерді көрсету керек.

Тілдің ұшын оңға – солға, жоғары – төмен жылжытып «астыңғы тістерді тазалаймыз».

Бала артикуляциялық жаттығуларды орындайды.

Мимикалық жаттығулар

- Мына заттарды жедік деп елестетейік:

Қышқыл лимон

Тәтті конфет

Ащы бұрыш

Тәтті, шырынды алма

- Аталған заттарды жеген кезде түрінің қалай өзгертіндігін көрсетеді.

IV. Шатастыратын дыбыстар артикуляцияларындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын анықтау және оларға сипаттама беру:

Дыбыстарды таңбалармен белгілеу.

Дыбыстарға мінездеме [ұ], [ү]. -Балалар, қазір сендер осы [ұ], [ү] дыбыстарына мінездеме беріңдер. - [ұ] дыбысы қандай дыбыс?(дауысты)

- [ұ] дыбысы дауысты дыбыс,оныңішінде? (жуан)

- [ү] дыбысы қандай дыбыс?(дауысты)

- [ү] дыбысы дауысты дыбыс,оныңішінде? (жіңішке)

[Ұ] мен [Ү]дыбыстарының ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайық. -Балалар,осы екі дыбыстың ұқсастығы неде?

- [Ұ] мен [Ү] дыбыстары дауысты дыбыстар

Ү дыбысының артикуляциялық қалпы:

- Ү дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады;
- үстіңгі тістер мен астыңғы тістердің арасы белгілі қашықтықтағы жағдайда сақталады;
- тілдің ұшы астыңғы тіске тіреледі де, екі жағы көтеріліп үстіңгі азу тістерге қабысады.

Ұ дыбысының артикуляциялық қалпы:

Ұ дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады;

- Тіл ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы жоғары көтеріледі.;
- Дауыс шымылдығы ашық болады.

1-тапсырма: «Кім тез?» ойыны.

Ойын шарты: «Ү» мен «Ұ» дыбыстарынан басталатын сөздер айтамын. Ұ дыбысынан келетін сөзді естісеңдер «Ұ» дыбысының сигналдық белгісін, ал «Ү» дыбысынан келетін сөздерді естісеңдер «Ү» дыбысының сигналдық белгісін көтересіңдер.

Сөздер: үйрек, ұя, ұстаз, үстел.

2-тапсырма. Ойын «Кім жылдам?»

Ойынның шарты: «Ү» мен «Ұ» дыбыстарына қатысты сурет көрсетіледі, сол көрсетілген суреттердің атын атап, буынға бөліп және орнын тауып, белгілейміз

V. Дыбыстық талдау, жинақтау бойынша жұмыс:

1-тапсырма: «Буынға буын қос».

Күл, кі, үй, рек, түл, кі, үс, тел, үш, кір

2-тапсырма. Жұмбақ шешу.

-Табаны суды сүйеді,

Қабағы күнге күйеді.(күріш)

-Түскенде салқын күз,

Жинадық талтын тіс.(жүгері)

- Өзі айлакер,өзі қу,

Жүрген жері айғай да шу. (түлкі)

3-тапсырма. «Ү» дыбысын дұрыс айт, анық айт.

1. тұ – тү – лұ – лү

2. ұс – үс – ұн - үн

3. ұп – үп – ұш – үш

VI. Үйге тапсырма:

VII. Сабақ қорытындысы:

Белсенді оқушыларды карточка арқылы бағалау,мадақтау.